

А.И.Сыздыкова, С.С.Ташетова

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ  
Қарағанды облысы бойынша филиалы  
(E-mail: kipshakov@mail.ru)

## Құзыретті маман даярлауда заманауи технологияларды қолдану маңыздылығы

Мақалада құзыретті маман даярлаудағы заманауи технологиялардың қолдану маңыздылығы теориялық тұрғыда қарастырылған. Сонымен қатар болашақ маман иелерінің бойында білімділік, біліктілік, саналылық, жауапкершілік қасиеттерін сіңіруде, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда заманауи технологияларды қолданудың рөлі негізделген. Білім мен ғылымның дамуы адамзат өркениетінің өлшемі болғандықтан, авторлардың қазіргі кезең технологияларды қарастыруы мәселенің өзектелігін анықтауға және оқу үдерісі үшін маңыздылық дәрежесін көрсетуге мүмкіндік береді.

*Кілт сөздер:* білім сапасы, бәсекеге қабілетті, құзыретті, маман, жаңа технология, кәсіби, қабілетті, білікті, заманауи білім беру, біліктілікті арттыру, білім беру жүйесі.

XXI ғасыр — әлемдегі өзгерістерге негізделген білімнің дәуірлеу ғасыры, өйткені ол қазіргі кезеңде мемлекеттің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, әлемдік нарықтағы, әлемдік қоғамдастықтағы орнын анықтап, халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін зерттеуде негізгі көрсеткіш болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», — деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері атап көрсетілген [1]. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың заманауи технологияларын енгізу арқылы және оларды тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді.

Қазақстанда білім беруді жаңғырту — бүгінгі заманның талабы. Қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жолға қойылып келеді. Оған мамандарды қайта оқыту, заманауи білім беру, түрлі жаңа технологиялық тәсілдер арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру сынды мысалдарды айтуға болады. Еліміздегі білім беру жүйесін жетілдірудің басты мақсаты еліміздегі білімнің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылуда:

- оқу процесіне заманауи әдістемелер мен технологияларды енгізу;
- «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» дербес білім беру ұйымының тәжірибесін қазақстандық білім беру жүйесіне тарату;
- педагогикалық кадрлардың кәсіби дайындық деңгейін арттыру;
- педагогикалық базалық білім беру стандарттарын, мектеп мұғалімдері мен колледж, жоғары оқу орындарының оқытушыларының біліктілігін арттыру талаптарын жаңарту;
- мектепке дейінгі тәрбиенің жаңа сапасына көшу. Қазіргі кезде әлемде мектепке дейінгі тәрбие мектепке дейінгі білім беруге ауысуда. Балаларды ерте жастан оқытуға көшу жүзеге асуда;
- кадрлар даярлауды экономика қажеттілігіне сәйкес келтіру;
- білім беру саласына әлемнің үздік жетістіктерін енгізу;
- Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесін дамыту.

Білім беруді жаңарту оқушылардың білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда, функционалдық сауаттылығын немесе құзыреттілігін қалыптастырады.

Елбасының тапсырмасы бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың ұлттық жоспары әзірленіп, бекітілді. Қазіргі заман талабы — көптілді оқыту және көптілді меңгерген маман дайындау. Бұл бағыт бойынша да жұмыстар басталып жүргізілуде. Қазақ тілі — ұлтымыздың

рухы, рухани байлығы. Тіліміздің дамуы, қоғамдағы орнын нығайту және қалпына келтіру жолында білім саласының жауапкершілігі ерекше [2].

Құзыретті маман иелерінің бойында білімділік, біліктілік, саналылық, жауапкершілік қасиеттерін сіңіруде, яғни кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда, заманауи технологияны қолданудың рөлі зор. Сонымен қатар технологияны тиімді пайдалана білу педагогтың шеберлігі мен іскерлігін және кәсіби құзыреттілігін шыңдауға әсерін тигізеді.

Құзыреттілік — кәсіби әрекет тәсілдерді жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Оқушының кәсіби мамандық игеруде білім алуымен бірге өз білімін жетілдіру, үнемі ізденіспен шығармашылықпен айналыса отырып, кез келген қиын жағдайларда шешім қабылдай білетін, қойылған мақсатқа жете білетін тұлға қалыптастыру құзыреттіліктің құрамы болып табылады.

Құзыреттілік жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда аман қалуды қамтамасыз етеді және олар бәсекеге қабілетті маманмен қамтамасыздандырылады. Көптеген елдерде құзыреттілікке жаңаша мән беру білімді жоғары дәрежеге көтергені мәлім. Құзыреттілік еңбек нарығында тұрақты өсіп отырған талаптармен, шапшаң технологиялық өзгертулермен, соның ішінде академиялық және еңбектегі мобильдік өсуімен негізделген. Құзыреттіліктің жеке компоненттерін анықтай отырып, ол адамның алдына қойған мақсаттарын орындауға көмектесетін сипаты мен икемділігін атайды.

Жалпы алғанда, «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының педагогикадағы қолданылуы туралы мынадай көзқарастар қалыптасқан:

1. Бұл жаңа сөздерге еліктеушілік, оларды қолданбауға да болады, өйткені «мектеп бітірушінің дайындық деңгейі» және «оқу біліктіліктері» деген дәстүрлі қолданылып жүрген баламалары бар.

2. «Құзырет» және «құзыреттілік» адамның тіршілік қызметінің басқа салаларында да кеңінен қолданылып жүр және олар кәсіби іс-әрекеттің жоғары сапасын көрсетеді.

3. «Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдары алдағы уақытта оқушылардың мәдениеттанымдық іс-әрекетінің күрделі құрылымын бейнелеп, білім беру мазмұнының өзін дамытуға жаңаша сипат беруі мүмкін.

Біз «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын нақты мазмұнмен толықтыру арқылы білім беруді, оның ішінде оқушының білімділігін жаңаша сипатта жандандыруға мүмкіндік береді деп есептейміз [3].

Қазақстан Республикасының беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған бағдарламасында білім беру саласына «заманауи технологияларын енгізу үшін оқу орындарының педагог кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау тұрақты түрде іске асырылатын болады» деп атап көрсетілген [4].

Сондықтан Қазақстанның білім беру жүйесі санға ғана емес, сапаға негізделуі — ол бүгінгі күн талабы. Педагог кадрларының біліктілігін көтеру жұмыстарын жандандыру және білім сапасын тексеруде тәуелсіз сарапшылар рөлін күшейту жұмыстары жүргізілуде. Бір сөзбен айтқанда, еліміздің болашағының бүгінгіден де нұрлырақ болуына ықпал етіп, алға апаратын күші білімге байланыстылығы айқын көрінуде. Білім мен ғылымның дамуы — адамзат өркениетінің өлшемі. Білім саласы үнемі жетіліп, жаңарып отыруды қажет етеді. Біз өмір сүріп отырған қазіргі кезең — бұл жаңа дәуір, жаңа көзқарасты, жаңашылдықты талап ететін кезең. Соның ішінде білім саласында болып жатқан жаңа өзгерістердің мәні мен маңызы зор. Сол себепті бүгінгі таңда педагогтардың алдында білім беруде түйінді құзыреттілікті меңгеру қажеттілігі туындап отыр. Екінші жағынан, еліміздің халықаралық экономикалық қауымдастыққа енуі білім беру саласындағы өзгерістерге байланысты жаңа жағдайда жұмыс істеуге қабілетті педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар бірінші кезекте білім беру сапасы, сапалы дайындалған педагогтармен анықталады. Білім беру ұйымдарындағы педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету және олардың ішіндегі біліктілікті арттыру бағдарламаларын жаңарту, бірқатар міндеттерді шешудегі берілген ресурсты дамытуды қамтамасыз етуді көздейді, білім алуға оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, тез өзгермелі әлемдегі табысты қамтамасыз ету, мемлекеттің экономикалық дамуы үшін адамдық капиталдың бәсекеге қабілетті дамуы Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудағы зияткерлі жан дүниесі дамыған Қазақстан Республикасының азаматын жалпыға білім беретін мектептерде қалыптастыру болып табылады.

XXI ғасырдың басында әлемдік әрекеттестікте сипатталады:

– экономика мен мәдениет, халықаралық тұтыну мен мемлекеттің ықпалдасуы дүниежүзілік жоғарғы қарқындаумен;

- дүниежүзілік демографиялық баланстың ушығуымен;
- жаңа технологиялық нақтылықтың қалыптасуымен;
- жеке және әлеуметтік даму құндылықтары екпінімен.

Қоғамдық даму үдерісі білім берудегі өзгерістер динамикасына әсер етеді. Алдыңғы қатарлы елдерде «білім беру = оқыту» парадигмасы «білім беру = жету» ауысымдары басталды, яғни адамның жетуі, оның өзіндік дамуы, тұлғаға өзіндік рәсімделуі.

Реформа жүргізудің тиімді нәтижесіне жетуде педагог түйінді тұлға болып табылады. Ол мектептегі білім берудің негізгі ойлары мен реформаларын практикада жүзеге асырады. Педагогтың өзі жаңа модель енгізу кезеңінде қиындықтарды жеңе отырып, инновация режимінде жаңа білім беру аспектілерін алғаш ашушы болып табылады. Әр пән мұғалімі өз оқу пәні мазмұнының дидактикалық мүмкіндіктерін қолдана отырып, оқушыларды құзыреттілікке және қоғам өміріне жауапты түрде қатысуға дайындау бойынша жүйелік жұмыс енгізуі керек.

Өткен жылдары көп жылдық іздеу мен әлемдік білім беру практикасының оң тәжірибесін меңгеру нәтижесінде «субъект-субъектілікті» оқушы мен мұғалімнің қатынасы үшін объективті жағдай жасау тезисі дайындалды, онда оқушы — өз білімін (оқуда) ұйымдастырушы, ал мұғалім оқушыға оқу үшін жағдай жасауды ұйымдастырушы болып табылады. Бұл тезистің мағынасы мұғалімге теориялық жағынан түсінікті, бірақ оған олардың әлеуметтік мүмкіндіктерін ашу үшін жағдай жасауда, оқушыны оқытуды ұйымдастыру бойынша практикалық іс-әрекетті егжей-тегжейлі ұғыну керек болады.

«Педагогтың жаңа рөлі» түсінігінде жасырынған, жаңа функциялар, білім беру ортасында, жиынтығында жаңа мәдениетті қалыптастыратын құндылықтарын ұғыну маңызды. Білім берудің білім орталықтандырылған моделі жағдайында оқытуға негізгі ұстаным, оқушыларға дайын ақпаратты берумен байланысты, мұғалімнің барлық шығармашылық ізденуі оқушыларға берілген барлық оқу материалдарын барынша меңгеруді қамтамасыз етуге бағытталған. Қоғамның әлеуметтік тапсырысы осындай болғандықтан, білім берудің нәтижесі мағынасын солай түсіндік.

Заманауи кезеңде пәндік білімнің, білік және дағдының белгілі бір мөлшеріне ие болу жеткіліксіз, олар білім беру нәтижелеріне түпнұсқа бола алмайды. Оқушыларда пәндік білім жоғары деңгейде жеткілікті болса да, бірақ күнделікті нақты практика мен кейінгі өз өмірлерін құру үшін оларды қолдана алмайды.

Оқыту мақсаты жүйесі түрінде негізгі құжатта белгіленген, нәтижеге негізделген білім беру моделі жағдайында, оқушылардың тиімді нәтижеге жетуі үшін педагогтардың жауапкершілігі артады. Бұл контексте тиімді оқыту проблемасы өзекті болып табылатын, «оқушыларға ықпалын дәлелдейтін, оқытудың қолайлы ортасын жасау үшін» шет ел тәжірибесі қызықты. Ал «тиімді оқыту» түсінігінің өзі рефлексиямен, зерттеу мен үздіксіз кәсіби даму және өсумен байланыстырылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Біздің болашақтағы жоғары технологиялық және ғылыми қарқынды өндірістер үшін кадрлар қорын жасақтауымыз керек» деген сөздері бар. Демек, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, заманауи технологияны тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу педагог кадрлардың басты міндетінің бірі болып отыр [5].

Қай педагог болсын, қазіргі күн талабына сай оқытудың ең тиімді жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың білімін тереңдетіп, оны практикада қолдана білуге, таным белсенділігін арттыруға тырысатыны анық.

Қазіргі талаптың басты міндеті — педагог мамандардың кәсіби құзырлығын қалыптастыру мен біліктілігін үздіксіз арттыруды, ғылыми-әдістемелік қызметтің жаңашылдығын, түрлері мен әдістерін іздестіруді қамтамасыз ету, оны үйлестіре білу болып отыр. Сондықтан қазіргі заманауи білім беруде әр оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуда. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Технология — бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері де туындылап отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.

Білім беру жүйесіндегі жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті, функционалды сауатты жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Яғни бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр [6].

Сол себепті қазіргі таңда білім беру парадигмасы өзгеруіне байланысты білім берудің мазмұны жаңарды, білім беруге деген жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашты.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуына байланысты әсіресе соңғы кезде педагогика саласына түбегейлі өзгертулер, жаңалықтар енгізілуде. Біздің басты игіліктеріміздің ішінде халқымыздың немесе, басқаша айтқанда, адам ресурстарының сапасы тұр. Біздің ғылыми және шығармашылық әлеуетінің деңгейі жоғары, білім өрісі биік халқымыз бар. Біз қолымыздағы осындай баға жетпес капиталды жан-жақты дамытуға және оның дамуы үшін барған сайын жаңа әрі неғұрлым өркениетті жағдай туғызуға тиіспіз. Еліміздің экономикалық және әлеуметтік даму деңгейі, ең алдымен, олардың білім жүйесімен, педагогикалық кадрлардың білімділігімен анықталады.

Жаһандану дәуірі — әлемдегі елдердің бәсекелестік жағдайында халықаралық деңгейде өзара кірігу үрдістерінің жандану дәуірі де болғандықтан, білім пайдалы инвестиция саласы ретінде еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси даму тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Өз кезегінде педагог кадрлардың бәсекеге қабілеттілігі әлеуметтік-экономикалық, техникалық жүйелердің және технологиялардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады.

Атақты педагог К.Д.Ушинский: «Әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, дәстүрлі сабақтардан гөрі, жаңа заманауи инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, өткізген сабақтары тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз», — деп айтқан. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі — оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

Сондай-ақ белгілі ағылшын қайраткері «Адамға оқып-үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей, оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Заманауи технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру болып табылады.

Сондықтан қазіргі таңдағы адамзаттың тіршілігінің негізгі тұғырнамасы білім болып табылады. Тәуелсіздік алғалы бері жыл сайын жүргізіліп, білім жүйесіне енгізіліп отырған реформалар біздің болашағымызға салынып жатқан даңғыл жол деп айтуымызға болады. Себебі, қай мемлекеттің болсын даму жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол, — сол елдің білімінің дамуы болып табылады. Яғни, болашақта бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына ену міндеті бәсекеге қабілетті құзыретті маман мойнына жүктелетін абыройлы да, жауапты мәселе болып отыр.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде мәселенің шешімін таба алатын, ақпараттық-коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық-дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып, тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін «үнемі оқып-үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады [7].

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында айтылған білім беруге қатысты мәселелер бәрімізді де бейжай қалдыра алмайды. Қазақстандағы әрбір ұрпақтың ертеңгі күні дүниенің төрт түкпірінде өзінің қалаған ұнатқан және қоғамға пайдалы ойлар мақсатта еркін еңбек ете алатын болуын Елбасымыз қадап айтты. Өркениетке бұрған еліміздің жастары — ертеңгі мемлекет тірегі. Қоғамға да ең басты керегі — елдің ертеңіне деген сенім мен үміт. Сол тірек нық та, берік, сенімді болуы үшін бәсекеге қабілетті мамандар дайындау үрдісі арнайы және орта мектептерден бастау алмақ. Қазіргі заман талабына сай білім сапасын арттыру жолында мұғалімдердің құзыреттілігін қалыптастыра отырып, кәсіби дәрежелерін заманауи технологияларға сай көтеріп, дамыту еліміздің білім беру саласындағы басты мақсаты.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. — Алматы, 2010. — 6-б.
- 2 Бакирбекова А.М., Жолбасарова А.Б. Қазақстандағы білім беру жүйесін жетілдіру: [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://martebe.kz/bilim-beru-zhuiesin-zhetildiru>.
- 3 Нұрмашиқызы А. Қатысымдық құзыреттілік мәселесі туралы // Білім. Образование. — 2008. — № 6. — 32–33-б.
- 4 ҚР Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // 07.12.2010. — № 1118. — Жарлығы.
- 5 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан–2050» Стратегиясы — дамыған мемлекеттің жаңа саяси бағыты»: Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. — 2012. — 17 қаңт.
- 6 Барлыбаева Р.Д., Барлыбаева Л.Е. Инновациялық оқыту — сапалы білім берудің кепілі. — Ақтөбе, 2013. — 23-б.
- 7 Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты: [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://el.kz/m/articles/view>

А.И.Сыздыкова, С.С.Ташетова

### **Использование современных технологий — необходимое условие в подготовке компетентных специалистов**

В статье рассмотрен содержательный аспект применения современных технологий в процессе подготовки будущих специалистов. Показана их роль в формировании навыков, умений, знаний, чувства ответственности, а также компетентности выпускников вуза. Поскольку образование и наука являются показателем цивилизации человечества, авторы статьи, рассматривая данную проблему, старались изложить свою точку зрения и подчеркнуть актуальность данного вопроса в учебном процессе организации образования.

A.I.Syzdykova, S.S.Tashetova

### **The importance applications modern of technology in the preparation of competent experts**

The article discusses the importance of modern technology in the preparation of competent professionals. It is also argued that, based on the use of modern technology in the formation of professional competence, professionals must possess qualities such as knowledge, skills and responsibility. The development of science and education — is the growth of human civilization, so the consideration of the author of modern technology makes it possible to determine the urgency of this problem and to show the extent of its importance for the educational process as a whole.

#### References

- 1 «The Education» Act of the Republic of Kazakhstan, Almaty, 2010, p. 6.
- 2 Bakirbekova A.M., Zholbasarova A.B. *Improving the education system in Kazakhstan*, [ER]. Access mode: <http://martebe.kz/bilim-beru-zhuiesin-zhetildiru>
- 3 Nurmashkyzy A. *Bilim. Education*, 2008, 6, p. 32, 33.
- 4 *State Program for Development of Education of the Republic of Kazakhstan for 2011–2020*, 2010, December, 07, 1118, Decree.
- 5 Nazarbaev N.A. «Kazakhstan – 2050» *Strategy of development of a new political course of the country — Epistle to the people of Kazakhstan — Sovereign Kazakhstan*, 2012, Yauanare, 17.
- 6 Barlybaeva R.D., Barlybaeva L.E. *Innovative Learning — a guarantee of quality education*, Aktobe, 2013, 23 p.
- 7 *The purpose of modern education system*, [ER]. Access mode: <http://el.kz/m/articles/view>